



КИНОИНДУСТРИЯНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ӨЗГЕРДІ МЕ?

Тәрде ілініп тұрған теледидардан соңғы рет қашан сериал көрдіңіз? Жок, интернет платформадан емес, телеарнадан көрсетілетін телесериалды меңзеп тұрмыз. Бәлкім, жеңіл сұрақ, бірақ жауап беру қиын. Себебі бүгінде кинематографияның дәстүрлі үлгілерінен ерекшеленетін веб-сериалдарға сұраныс артқан. Қара-ақ түстен басталған кино саласында қысқа эпизодтар хит болатынын кім білді? Ал ойдағы сауал: қызығушылықтың артуына не себеп? Веб-сериалдардың біз білмейтін ерекшелігі неде?



БҮЛ КІМ, ОЛ НЕ?

Веб-сериал – арнайы интернет-платформаларда көрсетілетін телесериал.

Деректерге сүйенсек, ол алғаш 1947 жылы көрсетіле бастаған. Кей аппаратта мұның бастауын АҚШ-пен байланыстырады. Ал мұндай формат сандық медиа құралдардың дамуының арқасында өз аудиториясын қалыптастырып үлгерді. Медиа кеңістікте жайлы орынға жайғасқан

бұл жанрдың басты ерекшелігі – оның хронометражы. Әдетте эпизодтардың ұзақтығы 15-30 минуттан аспайды. Себебі қазіргі аудитория аппараттың ықшам әрі түсінікті болғанын қалайды һәм талап етеді. Ал веб-сериалдың форматы осы сұранысқа сай келеді.

2-бетте



Бексұлтан ОРЫНБАСАРОВ:

АЙТЫС ТА, ЖЫР ДА – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

«Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес» дейді қазақ. Сыр өңірі бір бойында сан түрлі өнер тоғысқан «сегіз қырлы, бір сырлы» дарынды тұлғаларға кенде емес. Жас болса да хас талант атанған жерлестеріміз талайды таңдай қақтырып, топ жарып жүргені мақтанышпен айта аламыз. Солардың бірі, Сыр сұлейлерінің ізін жалғаушы, талабы таудай, болмысы бөлек айтыскер ақын, жыршы-термені Бексұлтан Орынбасаровпен әңгіме өрбіттік.

– Амансыз ба, Бексұлтан ақын? Алғашқы сұрағым, қазақ халқының рухани мәдениетінің айнасы саналатын айтыс өнеріне сізді кім баулыды? Әлде ақындық өнер қанда бар ма?

– Әуелі сұхбатқа шақырғандарыңыз үшін рақмет! Біздің тұлға болып қалыптасудан бұрын өмірге келгенімізде де көп болған жоқ. Сонда да «халық айтса қалып айтпайды» демекші, сұрақтарыңызға өз дәрежеме жауап беруге тырысайын. Жалпы мені ақындық өнерге баулыған өзімнің әкем. Ең бірінші Алланың берген қасиеті, қанмен де, туған топырақтың киесімен де келді деп ойлаймын. Өйткені «қасиет белден емес, елден» деген қазақ сөзі бар ғой. Біздің Арал беткейінде Нұртуған, Нұрмағанбет, Жаңаберген, Дәрікүл, Жаппарберді секілді жыраулар туған. Біз сол Аралдың Шөмішкөл елді мекенінде дүниеге келдік. Өз атам Орынбасар да сөз ұстаған. Елдің аузында аты қалған, атыберлі адам болған.

Ақындық өнерге алғаш болып тәрбиелеген сонау Аралдың Шижага деген ауылында Қайрат Құлешов есімді ағамыз бар, сол кісі ең алғаш айтыстан тәлім берді. Айбек Тәңірбергенов жыраудың қолында тәрбие көрдік. Сол кісінің шеберханасында жыраулық өнерге бағыт алып, қалыптаса бастадық. Бергін келе, қалада Ерженіс Әбді ұстазымыздан тәлім алдық. Ол кісі айтыстың теориясын, техникасын, сөздің жүйесін өз деңгейінде түсіндірді. Өнер руга, жүзге, жасқа бөлінбейді. Сондықтан әлі де ұстаздардан алатын тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге көп деп ойлаймын.

4-бетте

БАСПАСӨЗ-2025

Республикалық «Ақмешіт жастары» газетіне 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу жүргізілуде. 6 айға жекелер, мекемелер үшін 2500 теңге

Көз тастаған келешек асқарына, Жазылыңыз «Ақмешіт жастарына»...



Қымызға қызғандардың мәселесі

«ҚЫЗЫП» ТҰР

Кейінгі уақытта елге танымал блогерлердің «Дос» қымызы, бұдан бөлек «Үш батыр», «Башқұрттық» деп аталатын ұлттық сусындарды тұтынушылар күрт көбейді. Дәмі қышқыл әрі бал татитын бір шыны қымыз ішпесе, көңілі жай таппайтын таныстарымыз да аз емес. Ең қызығы, бие сүтінің бірнеше құттысын ішіп, жол полициясының құрығына түсіп қалған жора-жолдас көп. Олар МАИ қызметкерлері тоқтатқанда өзінің қымыз ішкенін қалай дәлелдерін білмей, дал болып жүр. Оның үстіне мұның адал-арам екеніне күмәнданып, шарияттағы үкімін білмей жүрген жұрт жетерлік.

6 бетте



КІТАП ОҚУ – РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУДІҢ НЕГІЗІ



5 бетте

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ: ВЕЙП САТЫЛЫМЫ ТЫЙЫЛМАЙ ТҰР

Шылымның шырмауығынан құтыла алмай жүргенде, оның электронды түрі – вейп пайда болды. Сатылымы лезде жоғарылап, тіпті темекіге әуестігі жоқ адамдарды да өзін арбап алды. Мектеп оқушылары да «зиян емес, құрамында никотин жоқ» деген жалған аргументті ұран етіп, жап-тармағай жабыла бұл құрылғыға қызығушылық танытты. Заң қабылданса да, пысқырып жатқан ешкім жоқтай, әлеуметтік желіде саудасы жүріп тұрған вейптен қалай құтылмақпыз?



БАЛАЛЫҚ ПА, БАССЫЗДЫҚ ПА?

Жастардың «ессіздікпен» ермек еткен дүниелерін айтпасақ та көп. Оның ішінде шылым, алкогольді сусын, есірткі мен жануардың нәжісінен жасалатын психотропты заттар. Тіпті қымыздың да құрамына алкоголь араластырып өндіретіндер бар екен. Өкінішті-ақ, алайда «адам жаман дүниеге тез үйренеді» демекші, бұл дүниелерден алшақ болу, есте, қиын болып тұрғаны көбімізге мәлім. Нәтижесінде қараңғы қапастың қатыгездікке толы бөлмесінде жалғыздықтың құрбаны боласын, не болмаса аурухана төсегінде шарасыз «тірі өліктің» күйін кешесін.

3-бетте

КИНОИНДУСТРИЯНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ӨЗГЕРДІ МЕ?

Актер, продюсер Ерболат Әлжожа «Веб-сериал көрерменнің уақытын «ұрламайды» десе, Перизат Мұрашмет бұл форматты негізінен жастар көретінін айтады. Сонымен қатар салыстырмалы түрде веб-сериалдардың өндіріс шығындары да төмен. Мәселен, дәстүрлі телесериалдардың түсірілімі үшін арнайы павильон салу немесе қымбат локацияларды жалға алу қалыпты жағдай. Ал мұнда керісінше түсірілімді жеңілдету үшін көбіне ашық дала, табиғат аясы немесе қоғамдық орындар қолданылады.

2012 жылы әлемдік киноиндустриядағы туындылардың тізіміне 200-ге жуық веб-сериал қосылды. Ал қазақстандық кино мамандары мен көрермендер бұл форматқа шамамен пандемия тұсында бет бұрды. Алғашқы отандық туындылар қатарына «Трезвоз» бен «Күдіретті» атты авторлық жобаларды жатқызуға болады. 2019 жылы шыққан «Трезвоздың» режиссері Елдар Шибанов ішімдікке тәуелді, үнемі жолы болмайтын сценаристің өмірін баяндайтын фильм ұсынды. Ал «Күдіретті» веб-сериалы продюсерлер мен жарнама берушілерді қызықтырған алғашқы туынды ретінде танылған.

«Salem Social Media» – отандық веб-сериалдардың дамуына үлес қосқан медиакомпания. Оның қоржынындағы алғашқы туынды – «Suikimdi Stories». 5 жыл бұрын көк жәшіктен көрерменге жол тартқан интернет сериалдың алғашқы бөлімін 2,3 миллион адам тамашаласа, соңғы бөлімдерінің қаралымы миллионнан асады. Жастардың өмірі, күнделікті мәселелер мен махаббат хикаясын бейнелеу арқылы сериалдың тұрақты аудиториясы қалыптасты. Әр эпизодқа жеке тақырып қойылған, ал бір бөлімнің ұзақтығы 23 минут, кейде тіпті 18 минутты құрады. Келесі ерекшелігі «дorama» форматына ұқсас болуында. Сол арқылы да жастардың сүйікті контентіне айналды.

Веб-сериал мен үшін қызық әрі қолжетімді контент. Мысалы, «Suikimdi Stories» маған жақын сериалдың бірі. Кейіпкерлердің өмірі, олардың қиындықтары мен армандары шынайы өмірге ұқсайды. Әр эпизодта жаңа дүние үйреніп, кейде өзіміз де сондай жағдайларға тап болғанымды байқаймын. Қысқа эпизодтар арқылы уақытты тиімді пайдаланып, қызық оқиғаларды жылдам көре аламыз. Сондай-ақ ресми сөйлеу жок. Сценарий ауызекі стильге жақын жазылған, – деді студент Аружан Бекжанқызы.

Десе де хронометраж бойынша наразылық тудырғандар да бар. Пікір білдірушілердің айтуынша, 20 минутта эпизодтың мәні толық ашылмайды. Бұл ретте сценарийдің де рөлі зор. Ал веб-сериалға арналған сценарийде қандай ерекшелік бар? Маманның пікірін білдік.

Веб-сериалдардың телесериал мен толық-метрлі фильмдерден айырмашылығы айтарлықтай көп. Біріншіден, веб-сериалдардың бюджеті басқа кинотуындыларға қарағанда 4-5 есе аз. Телесериалдар мен толықметрлі фильмдерге қомақты қаржы жұмсалады, ал тарихи киноларда костюм мен реквизиттердің өзіне ғана 300-400 мың доллар қажет болуы мүмкін.

Әдетте веб-сериалдар жасөспірімдер мен жастардың өмірін көрсетеді. Дегенмен бюджеттің аздығына қарамастан, жоғары бағаланатын жобалар жасауға болады. Мұнда сценарийдің сапасы мен оқиғаның тартымдылығы маңызды. Егер сюжет көрермендерді қызықтырса, ол міндетті түрде өз аудиториясын табады. Сценарий жазу кезінде қаржылық мүмкіндіктерді ескеру қажет, бірақ аудиторияны баурап алу үшін оқиғаның тың әрі жаңашыл болуы маңызды, – деді режиссер әрі сценарист Қанағат Мұстафин.

Оның айтуынша, қазір стандартты, яғни полиция, жедел жәрдем туралы сериал көп. Бірақ бүгінгі аудитория «Netflix» сияқты платформалардың өнімдерін көреді. Сол үшін тың идеялар мен жаңа актерлі құраммен жұмыс істеу керек.

Веб-сериал туралы кинотанушы, киносыншы Дана Әмірбековамен әңгіме өрбіттік. Сала маманы веб-сериал мен қысқаметрлі киноның айырмашылығын, ерекшелігін сараптап берді. Мұнан бөлек экран өнеріндегі сценарий мен драматургияға тоқталды.

Кез келген туындының басты құралы – сценарий. Бас аяғы жұмыр, тақырыбы толық ашылған, идеясы түсінікті жоба болса жақсы туынды шығады. Ал қазір бізде веб-сериалдардың алғашқы бөлімі немесе пилоттық нұсқалары ғана жоғары деңгейде жасалып, кейінгі эпизодтарында сюжеттік линия үзіледі, түпкі тақырып ашылмайды. Сериалға тақырыптық тұрғыдан назар аударғанмен, мәселені көркемдік жағынан ашуға біліктілігі жетпейтін режиссерлер бар. Кино – экрандық өнер. Ол айту емес, көрсету, ойды визуалды элементтер арқылы жеткізу. Ойды диалог арқылы жеткізу, актердің аузына сөз салу біздегі кино деңгейінің төмендеуіне әсер етеді, – дейді ол.

Ал жалпы киноиндустрияның қарқыны қандай?

– Қазақ киносына жанрлық түрлену жетіспейді. Драма, мелодрамадан асып кете алмаймыз. Жанрды драматургтер, сценаристер жасайды. Бүгінде қазақ киносында драматург тапшылығы байқалады. Ал жақсы драматургия мен мықты сценарий болмаған жерде жанр да, кино да дамымайды. Жастар веб-сериалды соңына дейін көре алмайтындарын жиі айтады. Себебі сюжеттің басы болғанымен, ортасы бұлыңғыр, ал нүктесі мүлдем болмайды. Сонымен қатар режиссуралық шешімдер жок. Операторлардың жұмысы әлі де өсуді, тәжірибені қажет етеді. Актерлер өкінішке қарай нанымсыз, тым пафосқа толы ойын ұсынады. Өнер шынайылықтан алшақ болғанда, әрине, көрерменді тек шок тақырып аясында ұстай алмайды. Веб-сериалдардың арасында да толыққанды мықты өнім аз. Кейінгі жылдары көрерменнің лайықты назарын аударды деп «5:32» веб-сериалын айта аламын. Әр бөлімінің драматургиялық тұрғыда мықты жазылғаны байқалады. Костюмдер мен декорация, актерлік құрам да сәтті таңдалған. Бастысы жанрлық тұрғыдан ерекше, – деді киносыншы.

ВЕБ-СЕРИАЛ: ҮЛГІ МЕ, ҚАУІП ПЕ?

Интернет сериал жастардың назарын аударып қана қоймай, әлеуметтік мәселелерді көтеретін алаңға айналды. Мәселен, 2021 жылы Томирис, Перизат және Сымбат есімді үш кейіпкердің оқиғасы туралы «Мыстан» веб-сериалы жарыққа шықты. Онда жыныстық зорлық-зомбылық, харассмент сияқты мәселелер ашық көрсетілген. Ал «Пацанские истории» сериалы криминал әлемін сипаттаса, «Сержан братта» рәкеттік өмірді бейнелейді. Кино мамандары қоғамдағы өзекті мәселелерге әлі де басымдық беруде. Мәселен 3 жыл бұрын көрермендерді таңқалдырған «Эскорт» сериалының жалғасы биыл шығып жатыр. Мұнан бөлек еңбек құлдығы тақырыбына да барған авторлар бар. Иә, бұл – «1286». Ал қазақстандықтар үшін «The Rocket Stories» пен Алишер Утев бірге түсірген «5:32» сериалының орны ерекше. Сюжет желісі айтпасақ та белгілі. Сондай-ақ авторлар туысқандарды түгендеп «Аппак келін» мен «Бажаны» түсірді, алаяқтардың жұмысын көрсететін «Мошеникиди» де ұмытпады. Мамандар веб-сериал жанрының икемді тәсілдерін ерекше атап өтеді. Олар мұндай әдістерді авторға идеясын ашық және еркін жеткізуге мүмкіндік береді деп есептейді. Шынымен де, веб-сериал шығармашылық тәжірибе жасауға қолайлы. Мәселен, ондағы оқиға шынайы өмірге негізделеді және жастардың тіліне икемделген қарапайым диалогтармен беріледі. Бұл туралы көрермендер де айрықша айтады.

Біз жазған тізім тек бергі бөлігі. Әлеуметтік мәселелерді айқындайтын веб-сериалдар да бар. Әзіл арқылы қоғамның ащы шындығын жеткізгендер болғанымен, тым еркінсігендер де бар. Хош. Сөз бостандығы, шығармашылық еркіндік те бар делік. Дегенмен таяқтың екі ұшы болатыны секілді, «өттеген-айы» да жок емес. Үңілсек.

Веб-сериалдардың танымалдылығы артқанымен, бұл жанрдың бірқатар көлеңкелі тұсы бар. Тізімде цензура көш бастап тұр. Олар біршама бейәдеп сөздер, зорлық-зомбылық элементтері, сондай-ақ ашық көріністерді еркін қолданады. Контенттің жасөспірімдер мен жастарға қолжетімді екенін ескерсек, олардың психикалық дамуына кері әсер етуі мүмкін. Мәселен есірткі тасымалдау арқылы

Алдиярдың кейіпкерін сомдаған Азат Жүмәділ телесериалға сұхбат берді. Онда әрине, веб-сериал талқыланды. Актер сериалдан кейін әлеуметтік желідегі парақшасына 17-18 жастағы қыздардың есірткі сұрап жазатын айтты. Сериалдың мақсаты нашакорлықтың түбі қиындыққа, қателікке әкелетінін түсіндіру, көрсету болса да, сериалдан көріп жеңіл ақшаның артынан кеткендер де бар екен.

Жасөспірімдер үшін үздік веб-сериалдың бір «Черный двор» болды. Онда 16 жастағы балалардың бұзақыларға еліктеп, «мықты» көрінуді қалағандары көрсетіледі. Кейіпкерлер соңындағанакателіктерінбайқайды,бірақтымкеш. Бұл ретте де әлдегіндегідей мәселе ғой... Еліктеу. Біздің де жастардың соларды қайталамасына кім кепіл? Мейлі, нақ бұл контентті айтпағанның өзінде қазір «Сыныптастар» веб-сериалының жылдызы жанды. Оқушылардың қарапайым өмірі дерсіз. Бірақ әр эпизодта төбелесу, әлімжеттік бар. Онымен қоса барысында «старшактар» оқушылардан миллиондаған қаржы талап етеді. Мақсаты жасөспірімдерді ерсі қылыққа баулу болмаса да, кім қалай қабылдайды?

Осы жылы жарыққа шыққан «Эскорт: Новый вызовтын» сюжетіне қызыққандар көп. Әлеуметтік желідегі белсенділіктен-ақ аңғару қиын емес. Бір мәселеден құтыламын деп, қалай қисық ізге түскенін байқамаған қыздардың өмірі баяндалады. Онда адам өлтіру, қылмыс, ашық сахналар, зорлық-зомбылық та бар. Сценарийдегі мәтін цензурадан аттап кеткен. Әрине, экран өнері адамды қисық жолға үгіттемейді, әйтсе де...

Интернет платформалардағы контенттер жасөспірімдер мен жастардың санасына, психикасы мен мінез-құлқына ықпал ететін күшті құралға айналды. Бейәдеп қылықтар мен жаргон сөздердің, сондай-ақ ашық көріністердің жиі қолданылуы көрерменге әсер етпей қоймайды.

Түйткілді проблеманы ашық көтеру мен оны дұрыс көрсетудің арасында айырмашылық бар. Мәселен көрсету көбіне оны терең талдап, сын тұрғысынан бағалауды талап етеді. Егер бұлар ескерілмесе, керісінше, жастар сол көрініске еліктеп, жаман әдетке үйір болуы мүмкін. Сонымен қатар веб-сериал өндірушілері де жауапкершілікті сезіну керек. Өйткені олардың туындылары жастардың мәдениеті мен сана-сезімін қалыптастыруда рөл ойнайтынын есте естен шығармаған абзал, – дейді психолог Әсел Асылбаева.

Цензураның болмауы көбіне шығармашылық еркіндік ретінде қарастырылады. Алайда бұл ұстанымның шегі болуы керек. Бейәдеп және моральдық құндылықтарды бұзатын элементтер шынайылықты көрсетуге бағытталғанымен, жағымсыз үлгіге айналуы ықтимал. Жоғарыда айтқанымыздай веб-сериалдар еркіндіктің арқасында әлеуметтік мәселелерді ашық көрсетеді.

«YouTube» арқылы ұсынылатын бүгінгі веб-сериалдарға көркемдік, мағыналық тұрғыдан сұрақ туындайды. Өкінішке қарай мұндай дүниелер қоғамға тез тарап, өзіндік ойы, өмірге көзқарасы толық қалыптаспаған жас буынның сана-сезімін улауға септігін тигізіп жатыр. Себебі экран өнері алға шыққан, көш басындағы өнердің бірі. Еңбектеген баладан, еңкейген картқа дейін экран алдында отырады. Жас буынға, көрерменге не ұсынып


жатырмыз? Қандай мәселені қозғап, оны қалай, қай тұсынан ашып жатқанымызға үлкен мән беруіміз қажет. Бірақ қазір сөз еркіндігі, ой еркіндігі бар. Осыған байланысты кей мәселелер бойынша заң жүзінде тыйым салу да мүмкін емес. Мұны біле тұра, хайп үшін «шок контент» «жасайтын студиялар да бар. Бірақ оның нәтижесін ешкім ойлап жатқан жоқ. Егер шетелдік пен отандық веб-сериалдарды салыстырсақ біздің контенттің деңгейі, сапасы, драматургиялық шиелінісі мен тақырыптың ашылуы әлі де жұмыс істеуді қажет ететінін айқындайды. Себебі біздің мамандар тек идеяны алады. Мысалы наркомания, зорлық-зомбылық. Яғни адамның назарын тартатын тақырыптарды қозғап, бірақ оны ашуда драматургиялық кәсіби біліктіліктері жетпейді, – деді Дана Әмірбекова.

Бірақ мәселенің шешімін көрсетпей, тек айналдырған қаншалықты дұрыс? Мәселені ашып көрсетеміз деп, керісінше теріс жолға үйір қылмаймыз ба? Жастардың өзі не дейді?

Жастар мен веб контенттің байланысын зерттеу мақсатында онлайн сауалнама ұйымдастырылды. Сауалнамаға 18-21 жас аралығындағы 62 адам қатысты. Олардың 40,3%-ы веб-сериалдарды жиі қарайды, 33,9%-ы орташа қызығушылық танытады екен. 25,8%-ы мүлдем қарамайтынын атап өтті. Ал «веб-сериалдағы бейәдеп сөздер сізге әсер ете ме?» деген сауалға 71% адам «жок» деген жауапты белгіледі. Сауалнамаға қатысқандардың 74,2%-ы веб-сериал жастардың мінезін, құндылықтарға әсер етеді дейді. Тек 25,8%-ы бұл пікірге қарсы болды.

Сураныс пен қызығушылық бар жерде сана мен бәсекелестік қатар жүреді. Біз тізбектеген веб-сериалдардан бөлек «Шеше», «60кг», «Asau» сынды туындылар да бар. Бастысы еркіндік пен ашықтықтың шегінен аспаса дейміз. Біздің мақсат қаралау емес, сараптау. Себебі экран өнерін құрал десек, ондағы контент хам туындының мән-мағынасына жауапкершілікпен қараған жөн.

Әлия ТӘЖІБАЙ



ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ: ВЕЙП САТЫЛЫМЫ ТҮЙЫЛМАЙ ТҰР

«Өмірде бәрін көру керек, өмір – жалғыз» деген сөздер тізбегі бүгінде адам санасына бұрыс бағыт қалыптастырған секілді. Ойсыздықпен өмірім біреу екен деп, өмір сүруге зар болып қалғандарды көріп таңғалмаймыз. Жалпы жоғарыда атап өткен дүниелердің зияндылығынан бөлек, оған тәуелділік тек денсаулыққа ғана кінәрат түсірмейді. Айта берсек көп, түбінде қор болатын тек өзіміз. Қоғамды құрдымға апаратын да осы немқұрайлық.

Ересектерден бөлек бұл құрылғыға мектеп жасындағы балалардың да қызығушылығы мен тәуелділігі жоғары. Қазір жас жеткіншектердің 10%-ы электронды шылымға әуес. Тығылып жүріп, түтіні бұрқыраған вейптен қандай қатер келетінінен бейхабар. Әрине, білместіктен болар. Әлде, қайдам... Қазір оның кесірі туралы жазылмаған мақала, айтылмаған ақпарат жоқтың қасы. Бірақ неге электронды темекіге балалар аса құмар? Сұрақтың сауалын балалар психологінен білгіміз келді.

– Баланың мұндай дүниелерге әуес болуына отбасындағы тәрбие, оның ішінде ата-ананың жас жеткіншектің өміріне селкостықпен қарауы әсер етеді. Ата-ана тарапынан қадағалаудың аздығы түйткілді мәселеге айналуы мүмкін. Қазіргі ата-ананың көбі баламды қатарынан

алдымен, ата-ана өз баласымен көп жұмыс істеуі керек. Баласына мейлінше көп көңіл бөліп, бірге уақыт өткізуге, баламен сырлас болуға тырысу қажет, – дейді балалар психологі Аружан Ордабай.

Заң бар, ал жауапкершілік ше?

Әлемнің 33 мемлекетінде ресми түрде электронды шылымға тыйым салынған, ал 79-ында жарнамалауға, қоғамдық жерде тұтынуға шектеу қойылған. Әйтеуір дегенде, биылғы жылдың маусым айында электронды шылымға елімізде тыйым салынды. Бұл туралы сыбыс шыққанда, вейпке шектеу қойылмасын деп петиция жарияланды. Мемлекет басшысы қол қойған заң бойынша электронды вейп өнімдерін, хош иістендіргіштерді және оларға арналған сұйықтықтарды сатуға, таратуға, жарнамалауға болмайды. «Адамнан айла аспайды» деген, күшіне енген заңның

теңге көлемінде айыппұл төлейді дейді. Тауардың көлеміне қарай 1200 сағаттық қоғамдық жұмысқа жегіледі. Аталған қылмысты топ болып жасалғандығы анықталса, 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылады. Вейпті белгіленбеген жерде шеккендер дәстүрлі темекі тұтынушылары секілді 11 мың теңге айыппұл төлейді.

Көселдің құрбаны болмаймын десеніз...

Түрлі белгіштер электронды темекінің зияны былай тұрсын, оны пайдалы деп пайымдап жүрген көрінеді. Темекіден құтылғысы келгендер өзін алдау мақсатында осы құрылғыны жөн көреді. Ал сыныққа сылтау іздегендер (темекі шегуге қорқатын, бірақ қызығатын адамдар) әсері удай, бағасы қымбат құрылғыны сатып алып әлек. Дерттің дәруі жок, себебі әлі зерттеу үстінде.

Бірақ мамандар вейпті дәстүрлі шылымнан гөрі залалды деп біледі. Себебін былай деп түсіндірді: қыздырылатын табактың құрамында химиялық зат көп. Құрылғының құрамында резинка өндіруге арналған токсинді формальдегид атты химиялық заттар адам ағзасына тек кері әсер етеді. Сондай-ақ стиктердің фильтрінде күйік қалдықтары болады, ол бауырға зиянды қосылыстар бөледі. Ал стиктен бөлінетін хош иіс тек қолданып отырған адамнан бөлек, жанындағылардың да ағзасына зақым келтіреді. Аллергиялық реакция тууы, сондай-ақ бедеулік секілді дертке шалдығу қаупі жоғары.

Вейп ингальяр секілді. Ішінде сұйықтық болады, ол қайнағанда бу шығады. Көптеген бала осы түтінге қызығады. Сұйықтықтың құрамында бірнеше зат бар: глицерин (бауыр мен жүрек органдарына зиян), пропиленгликоль (іріндеу процессінің басталуына мұрындық болады, бүйрек пен бауырдың жұмысына кедергі келтіреді, сондай-ақ аллергиялық реакцияның басталуына да әсер етеді), хош иісті қоспалар, никотин (кейде қосылады).

Мамандардың айтуынша, атап өткен қоспалардан бөлек 2000-нан астам химиялық қоспа бар. Вейптағы синтетикалық никотин дәстүрлі шылымға қарағанда 10 есе көп. Жасөспірімдер арасында вейпке қызығушылық олардың денсаулығына қалай әсер етеді?

– Жастар арасында зиянды құралдың кеңінен қолданыста екені өкінішті. Қоғамдық орындарда, аялдамаларда, көптеген демалыс аймақтарында вейпті қолданып тұрған өрімдей жас қыз-жігіттерді көріп жүрміз. Әрине, көшеде көрсем ақылдымы айтамын, бұл құрылғыны тұтынбауға шақырамын. Себебі жас ұрпақтың денсаулығы – ел болашағына

бірден бір әсер ететін маңызды фактор. Токтауды кез келген ел азаматы жасау керек, бұл – парыз.

Вейптің маңызды бөлігі – никотин. Ол адамның физикалық және психологиялық тәуелділігіне әкеледі. Егер дәстүрлі шылым мен вейп салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ, олар бір құрамдас болып келеді екен. Бұл зерттеулер нәтижесі бойынша айтылған тұжырым. Бірақ вейп адам ағзасына азотот болып түседі. Яғни қанға тез сінеді. Оның құрамында глицерин және пропиленгликоль химиялық зат болады. Олар бір бірімен араласып, қызған кезде формалин және окрилин деген химиялық зат бөледі. Атап өткен қосындылардың барлығы дерлік консоригентті заттар болып есептеледі. Яғни вейптағы қоспалардың бір арнаға тоғысуы онкологиялық ауруға душар еткізу әбден мүмкін.

Адам вейпты бір рет тартқан сәтте, өкпедегі альвеолаға (тыныс алатын кішкентай қапшықтарына) түседі. Ал одан кейін зиянды қоспалар артериялық қанға енеді. Ал артериялық қан, ол біздің бүкіл ағзамызды оттегімен қамтамасыз ететін маңызды тамыр. Қан айналым арқылы химикаттар ішкі органдарға түседі. Бірден әсер етпегенмен, тигізетін зияны өте зор. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, бойымызды вейп секілді тәуелді ететін химикалық қоспадан сақтағанмыз жөн, – дейді пульмонолог дәрігер Жаннат Аманжолқызы.

Ауаға кеткен ақша

Вейп шағын құрал және оның түр-түрі бар. Өртүрлі хош иіспен жасалатын бұл өнім жұмыс істеу уақытының ұзақтығына байланысты бағасы өзгеріп отырады. Заң күшейіп, жаза қатаң болса да, «антибатырлар» түрлі жолын тауып, сатуын азайтқан жоқ. Tiktok және Telegram секілді әлеуметтік желі арқылы олардың саудасы ыстық бөліштей тез. Бүгінге дейін ашық дереккөздердегі мәліметтерге сүйенетін болсақ, 18 мың қылмыстың беті әшкере болған. Бұл заң күшіне енгеннен кейінгі нәтиже екенін ескергеніміз жөн.

Ұлт санасы мен денсаулығын улаған бұл құрал түйткілді жағдай. Тамырынан тәркілеу – мәселенің маңызды шешімі. «Төзушілік» қасиетті доғарып, қылмыстың алдын алайық, ел келешегін сақтайық.

Нұршат НЫШАНОВА



қалдырмайын деп тынымсыз еңбектенеді. Алайда уақытында жеткілікті көңіл бөлмеу баланың тәрбиесіне кері әсер етіп, олар немқұрайлықтың әсерінен ойына келгенді жасауға да тайынбайды. Яғни баладағы бос уақыттың тиімді ұйымдастырылмауы, қосымша айналысатын үйірменің болмауы жеткіншектің босануына немесе өзге де теріс мінез-құлық қалыптастыруға әкеліп соғады.

Сондай-ақ еліктеушілік процессі жастар арасында көп орын алады. Алдын алу үшін, ең

қағарынан қорқып жүрген жан сирек.

Вейп шетелден транспортталады, осыны ескере отырып, шекарада бақылау күшейді. Ал заң не дейді?

Электронды шылымды сатқан адам мемлекетке 700 мың теңге көлемінде айыппұл төлеуге тиіс. Сондай-ақ 200 сағатқа қоғамдық жұмысқа тартылып, тіпті 50 күнге абақтыға қамау жазасы да қарастырылған. ІМ өкілдері тыйым салынған вейпты ел шегарасынан кіргізіп, сату айналымына жібергендер 7 млн

ӘКЕ – ОТБАСЫ ТІРЕГІ

Қызылордада «Тәрбие тал бесіктен» атты ІХ республикалық әкелер форумы өтті. Бұл іс-шарада әкенің баланы тәрбиелеудегі рөлі мен жауапкершілігі талқыланып, форумға түрлі мәдениет қайраткерлері, отбасы саясаты бойынша сарапшылар, халықаралық ұйым өкілдері, республикалық әкелер одағының аймақтық басшылары, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар және БАҚ өкілдері қатысты.

Форумға арнайы шақырылғандар қатарында республикалық «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мақсұтбек Айтмағамбет, ЮНФПА-ның Қазақстандағы өкілі Райымбек Сисемалиев және өзге де белгілі тұлғалар болды.

Іс-шарада Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Шағмардан Байманов облыс әкімінің құттықтауын жеткізіп, отбасы құндылықтарын нығайтуға бағытталған өңірдегі жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, әкенің



келешегіне әсер етеді. Республикалық әкелер форумы ер азаматтардың қоғам мен отбасындағы маңызын айқындап, адамгершілік пен адалдықты насихаттайтын тұлғаларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарып отыр.

– Қасиетті Сыр елінің төрінде өткен бұл іс-шараның басты мақсаты – әкенің болмысын таныстыру болатын. Яғни мұндай форумдар әкелердің адам өмірінде қаншалықты маңызды екенін айқындайды. Қарап отырсақ, бұл іс-шараға әртүрлі мемлекеттік қызмет салаларының өкілдері қатысты. Тәрбиелік тұрғыда тағалымы мол жиындарды халыққа көптеп насихаттау керек. Мұндай форумға тек белгілі мемлекеттік органның қызметкерлері мен басшыларынан бөлек, шет аймақтарда тұратын әкелер де қатысса игі болар еді, себебі бұл іс-шарадан жақсы ой түйіп, энергия алмасуға болады. Яғни осындай жиындардың

ауқымын арттыра отырып, халыққа насихаттауымыз керек. Сол кезде әкенің қоғамдағы орнын, оның отбасы тәрбиесіндегі маңызды рөлін, балаға деген қажеттілігін айшықтай аламыз. Сол кезде отбасы институты нығайды, бала өміріне жауапкершілікпен қарайтын әкелер саны артады, – дейді «Отбасы академиясының» негізін қалаушы, отбасылық психолог Ержан Мырзабаев.

Форум ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының қолдауымен, ЮНФПА-ның техникалық демеушілігімен, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қызылорда облысы әкімдігі және «Әкелер одағы» бірлестігінің ұйымдастыруымен өтті.

«АЖ» ақпарат

БАСЫ 1- БЕТТЕ

Бексұлтан ОРЫНБАСАРОВ:

АЙТЫС ТА, ЖЫР ДА – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

– Ертеректе «екі кемең басын ұстаған суға кетеді» деуші еді, ал қазір керісінше екі кемең басын ұстамаған суға кететін секілді. Айтыскерліктен бөлек жыршы-термеші қырыңыздан да ел таниды. Білуімізше жаңа түскен келіннің бетін ашасыз. Өнге сөз жазатын қабілетіңіз де бар. Бұлардан бөлек жастар театрында еңбек етудесіз. Барлығына бірдей уақытты қалай жеткізесіз? Қиын емес пе?

– Өзі уақыт деген асыққанда жеткізбейтін, күткенде келіп болмайтын қасиетті нәрсе. Біздің бағытымыз мәдениет, шығармашылық, өнер болғаннан кейін сұрағыңызда аталғанның барлығы жымдасып жатқан дүние. Мен мысалы, айтыста жүргеніммен театрда да қосымша еңбек етіп жатырмын. «Айтыс – дала театры» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, театрдағы жұмысым айтыс саласынан алыс емес. Ол да бір шығармашылық бағыт. Ал енді ақынның, жыраудың жүрген жері той болатыны белгілі. Сондықтан бұның барлығы өз ісіннің маманы болсаң, аса бір қиынға соқпайды.

– Абайша айтқанда «Ниет болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» демекшісін ғой. Бәрекеңді! Неше жасыңыздан бастап жыр жаттадыңыз? Ал айтыс сахнасында алғаш қай жасыңызда өнер көрсеттіңіз?

– Өкемің жетекшілігімен, сол кісінің ақыл-кеңесін ала отырып, қолыма алғаш домбыра ұстаған уақыт 12-13 жас шамасы. Ол кісі де құралақан емес, Нұртуған шайыр мектебінің өкіліміз. Сыр бойындағы жыраулық өнер өздеріңіз білетіндей, үш жыраулық мектепке жіктеп

шабыттанып отырып жырлауға да болады. Көңілің жайлы болса, ойға алған ісің оң шешімін тауып жатса, неге шабыттанып жырламаса? Неге дастан жырламаса? Неге терме айтпаса? Ол да шабыттандудың белгісі. Шабыт болмаса оны да орындай алмайсың.


– Айтыс сахнасында ең ерекше есте қалған сәттеріңіз болды ма? Қай қарсыласыңыз айрықша әсер қалдырды?

– Өзі айтысқа шығатын адамның жүрегі ғарышқа ұшатын адамның жүрек соғысымен бірдей болады екен. Сондықтан барлық айтысты, сахнадағы әрбір сәтті ерекше деп айтуға болады. Қаншама халықтың алдына шығып өнер көрсету, сол жерде сөз тауып, суырып салу – екінші бірінің басына бұйырмайтын бақ, екінші бірінің қолынан келмейтін шаруа деп айтар едім.

Ең ерекше есте қалған қарсыласым жайлы айтар болсам, қателеспем 2019 жылдың ақпан айында «Абай жолымен» атты республикалық деңгейде Жүрсін Ерманның жүйріктер қатысқан айтыс өтті. Сонда «Алтын домбыра» иегері Жансая Мусина әпкемізбен айтысқа шықтым. Менің үлкен айтыста, алыптар арасында алғаш тұсауым кесілген сәт ретінде есте қалды. Жансая әпкемізбен өте сәтті, жоғары деңгейде айтыс көрсетіп, халықтың ықылас-қошеметіне бөлендік. Сол сахнада әпкеміз маңдайымнан сүйіп, батасын бергені ерекше сәт және есте қалған қарсыластарымның бірі.

– Жыр-терменің қазақ халқы үшін маңызы қандай?

– Жыр-терме – халықтық мұра. Алмас ағамыз



– Өрине, қазір айтысқа деген жанашырлық, қолдау ерекше. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» демекші, барлық жанрда айтыстың практикасы жасалып келеді. Мысалы жастардың назарын аудару үшін «АйтыStar», «Асыл домбыра», «Күміс домбыра» жобалары ұйымдастырылып жүр. Кеше ғана Астанада ауқымды деңгейде «Қола домбыра» республикалық оқушылар айтысы дүркіреп өтті. Ол айтыста «қола домбыраны» иеленген ақын «Күміс домбыра» мега-жобасына жолдама алады. Ал «күміс домбыраны» жеңіп алған ақын жылдың қорытынды айтысы «Алтын домбыраға» қатысады. Барлығы осылай кезең-кезеңімен кіл жүйріктен шың жүйрікті анықтап, жоғары деңгейде және дәстүрлі түрде жалғасын тауып келеді.

Біздің айтыс қазір халықаралық деңгейде тұр деп айтуға болады. Себебі «айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағы» өз жұмысын қарқынды жүргізуде. Кеше ғана Ташкенттің төрінде қазақтың үш биіне арналған халықаралық айтыс өтті. Қазақстаннан, Маңғолиядан, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан әртүрлі ұлт өкілі қатысып, бақ сынасты. Енді халықаралық деңгейдегі айтыстың әлемдік деңгейге көтерілмеуі мүмкін бе? Сондықтан, келешекте айтыс әлемдік деңгейде өз орнын алады деп ойлаймын.

– Айтыс өнерінде шекара бар ма? Қандай тақырыпты қозғамауға тырысасыз?

– Айтыс өнері болсын, басқасы болсын, жалпы өнер деген нәрседе шекара болмайды. Өйткені ол тым биік һәм түпсіз терең, сөзбен айтып жеткізе алмайтын ұғым. Өнерді әркім әрқалай түсінеді. Менің ойымша, «өнер дегеніміз – шексіздік». Ал айтысқа келетін болсақ, қозғамайтын тақырыптар болады, әрине. Мысалы, ұлттың бірлігіне нұқсан келетін тақырыптар немесе ұлтаралық тудыратын мәселелер болуы мүмкін. Бұл тақырыптарды қозғаған күнің өзінде елді бірлікке шақыратын деңгейде айтуға міндеттіміз. Сондай-ақ елдің енесін түсіретін «жағымсыз» ойларды, нақты бір дәлелсіз ел арасында айтылып жүрген жалған ақпараттарды айтауға тырысамыз.

– Айтысты да, жырды да өнер ғана емес, ұлттық тәрбие құралы дейміз. Бүгінде сол деңгейінен құлдырап кетпеді ме?

– Өрине, айтыс та, жыр да – тәрбие құралы. Екеуінің де бар екені ақиқат. Өз деңгейінен түсіп кетсе қазір біздің қоғамымызда, өмірімізде болмас еді. Атадан балаға мирас болып келе жатқан нағыз колориттер. Дәуір алмасып жатқандықтан, қазір жастар арасында айтыс та, жыр да сирек тыңдалуы мүмкін. Бірақ келешекте әр нәрсенің өз заманы туады. Сондықтан ол тәрбие құралы болып қала береді. «Алтын кездік қап түбінде жатпайды» демекші, бір күні болмаса бір күні ақиқат мойындалады. Сол үшін мен бұл қос өнердің деңгейі түсіп кетті деп айта алмаймын. Бір терменің толық мазмұнын, мағынасын түсініп тыңдаған адам және айтыста айтылған айшықты ойларды іліп алып, санасына сіңірген адам автоматты түрде өзгереді.

– Сіз үшін басты мақсат қарсыласты жеңу ме, әлде көрерменге ой салу ма?

– Мақсатым қарсыласты жеңу емес. Айтыс – өнер сайысы. Ал өнер сайысында жеңуді мақсат тұтып, өмірдегі сыйластыққа сызат түсіруін мүмкін. Сондықтан айтыста айтқан бір ауыз сөзім бір адамның жүрегіне орын алса, ой түйсе мен үшін нағыз жеңіс сол.

– Сұхбатыңыз үшін рақмет! Алар асу, бағындырап белесіңіз көп болғай!

Әңгімелескен Аружан ОРАЛБАЙ



айтылады. Аралда Нұртуған шайыр мектебі, Қармақшыда Жиенбай жырау мектебі болса, Шиели жақ бетінде Нартай ән-өнері мектебі қалыптасқан. Біз сол Нұртуған шайыр мектебінде Айбек Тәңірбергенов ұстазымыздан білім алып, сол жақта оқыдық.

Алғашқы айтысқа да сол мектеп жасымда, жетінші сынып оқып жүргенде шықтым. Домбыра тартып, жыраулар байқауына қатысып жүргенімді себеп қылып, ұстаздарымыз айтысқа да шығарып жіберген жайы бар. Сөйтіп айтысқа да, жыраулық өнерге де арасы алыс емес 13-14 жасымда қадам бастым.

– Сізді не шабыттандырады?

– Шабыт деген бұл бір тылсым күш. «Адамды қартайтатын уақыт емес, адамды қартайтатын – оялар мен оқиғалар» дейді ғой. Кез келген оқиғаға байланысты, ол жақсы жағдай болуы мүмкін, жаман жағдай болуы мүмкін... соған байланысты адамның шабыты келіп, өзінің ішкі эмоциясын жырмен, өлеңмен шығарады. Әркім өзінің шығармашылық қабілетімен жеткізеді. Сондықтан шабыттың қай уақытта келетінін, не шабыттандыратынын нақты айта алмаймын. Себебі, жаңа айтқанымдай белгілі бір жағдайлардан, оқиғалардан шабыт аламын. Сол сәтте өлең жазамын. Тек өлең жазу бағытында қарауға болмайды,

айтқандай, өнерге бір күнде келген жоқпыз және бір күнге келген жоқпыз. «Жырау – ұлттың рухани көшбасшысы» деген сөз бар. Жыраулық өнер мұрагер ұрпақтар арқылы дәстүрлі сипатқа ие болып отыр. Һәм оның маңызы – бүгін бір ұлтты тәрбиелейтін тәрбие құралы болғандығы. Жыр дегеніміз ол – дін, саясат, тіл, мәдениет. Қалай айтсақ та жырға барлығы сыя бермек. Себебі ол синкретті өнер. Бабаларымыз айтқан үлгі-өнеге, насихаттың барлығы осының ішінде. Сондықтан жыр-терме дегеніміз ұлттың рухын көтеруде өте маңызды рөл атқарады.

– Мұқым елдің мұң-мұқтажын айту ақынның міндеті деп жатады. Бүгінде айтыста қоғамдағы өзекті мәселелер өз деңгейінде қозғалып жүр ме?

– «Бір ақынның сау болса тіл мен жағы, мың адамның айтылар мұң мен зары» деп бекер айтылмаған. Өрине, ұлттың мүддесін қорғаушы тұлғалардың бірі ақын, жыраулар. Себебі елдің жайын, жердің жайын, саяси мәселелерді тігісін жатқызып, арба да сынбайтын, өгіз де өлмейтіндей етіп, халық пен биліктің ортасындағы алтын көпірді құлатпайтын дәрежеде айта білу ол ақынның ақынның қолынан келетін шаруа. Бүгінгі қазақ айтысында өзекті мәселелер әрине өз деңгейінде қозғалып жүр. Қозғала да береді. Тек оны кім қалай жеткізеді... сол мәселе. Екі тарап та айызы қанып, бір-біріне есесі кетпейтіндей, барлығы өз дәрежесінде шешімін табатындай етіп жырлайтын ақындар жоқ емес. Сондықтан мәселелер қозғалып жүр деп айта аламын.

– Бүгінгі қазақ айтысы әлемдік сахнаға шыға ала ма? Ол үшін не қажет деп ойлайсыз?

СЫР ЕЛІНІҢ БИ ӨНЕРІНДЕГІ СЕРПІЛІСІ

Қазақ даласында «Сыр елі – жыр елі» деген атпен танылған Қызылорда өңірі бүгінде тек дәстүрлі өнермен ғана емес, түрлі бағыттағы өнер иелерімен де танылып келеді.

Мәдениет саласындағы тың бастамалар нәтижесінде өңірімізде заманауи, эстрадалық би ансамблін құру туралы ұсыныс оң шешімін тауып, облыс әкімінің қолдауымен Қызылорда облыстық филармониясынан «AI-ARU» заманауи би ансамблі құрылды. Ансамбльдің негізін қалаушы, көркемдік жетекшісі және бас балетмейстері белгілі



хореограф Замира Стықбаева, репетиторы – хореограф Шыңғыс Ақижанов.

Бүгінде ансамбль құрамына арнайы іріктелген талантты 20 биші қабылданып, тамыз айынан бастап жұмыс істеуде. Қазан айында 2 концерттік костюм тігіліп берілді. Ансамбль заманауи модерн бағытындағы би қойылымдарын көрсету, заманауи хореографиялық композициялар, мюзикл және әндерді бимен көркемдеу сынды жұмыстарды атқаратын болады. 25 қазан – Республика күніне орай өткен салтанатты шарала алғаш рет «Тек-Тамыр» атты би композициясын сахналап, көрермен қошеметіне бөленді.

Алдағы уақытта да ансамбльдің шығармашылық жұмыстары аймағымыздың мәдени дамуына тың серпіліс әкелмек.

«АЖ» ақпарат

Қазір кітаптың түрі көп. Қалағаныңа кез келген уақытта тапсырыс беруге болады, бағасы да аса қымбат емес. Бірақ жастардың көбі блогерлер мен психологтардың жарнамасы жоғары кітаптарын оқудан аспай жатқаны жасырын емес. Бүгінгі буынның көркем әдебиет оқуға деген құлшынысы неге төмендеді? Кітап оқымайтын адамнан рухани биіктік күте аламыз ба? «Кітап оқитын уақыт жоқ» деген жаттанды сөзге өзімізді де, басқаларды сендіруге болады. Дегенмен рухани құндылықты жоғары қоятын тұлғалар кітап парақтауға уақыт тапса керек. Осы оймен жұмысы қауырт мемлекеттік қызметкерлерге, сала мамандарына хабарласып, қазіргі уақытта қандай кітап оқып жүргенін, жастарға қандай кітап оқуды ұсынатынын сұрап көрдік. Жұмысын жүйелі алатын жаңдар көркем әдебиет оқуға да уақыт табады екен. Ендеше жастарға үлгі болсын деген ниетпен пікірлерді жинақтауды жөн көрдік.

КІТАП ОҚУ — РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУДІҢ НЕГІЗІ



Олжас ЫСҚАҚОВ, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы:


– Денсаулық сақтау саласында еңбек еткендіктен ең алдымен медициналық бағыттағы кітаптарды оқитынымыз белгілі. Себебі оқып алмасқан сайын ғылыми зерттеулер де, сала мамандарының көзқарастары да жанара түседі. Мұнан кейін тарихи, әдеби, мәдени туындыларға қызығушылықпен назар аударамын. Бұрын кітапты көп оқитынмын, ал қазір уақыт жетіспеушілігі бар екені рас. Кітап – ойынды жинақтап, өткен мен бүгінді салыстыруға, ой түюге және сол арқылы рухани дамуға бастайтын керемет құндылық. Бір мезет

өткен уақытқа сапар шегесің, кейіпкерлермен сырлас болып, түрлі эмоцияны бастан кешесің. Соңғы оқып аяқтаған кітабым – Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы. Ал дәл қазіргі уақытта Дінмұхамед Қонаевтың «От Сталина до Горбачева» шығармасын оқып жүрмін. Кітап оқуға келгенде өзіндік тәртібім бар. Қазақша кітапты оқып болғаннан кейін орысша кітапты таңдаймын. Сондай-ақ көркем-әдеби шығармалардан соң тарихи жанрдағы романдарды оқуға мән беремін. Алғашқысында көркемдеу тәсілдері, ойдан шығарылған оқиғалар көбірек болса, тарихи бағытта негізінен нақтылық пен жүйелілік бар. Кітап оқу адам баласының жеке тұлға ретінде қалыптасуына, адамгершілігі мол, мәдениетті маман болуына ықпал етеді. Сондықтан жастарға «ойым ұшқыр, сөзім нық, болашағым жарқын болсын» десенділер кітап оқыңыздар дегім келеді.



Талгат ДҮЙСЕБАЕВ, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы:

– Тұлға ретінде үздіксіз даму үшін тарихи кітаптарды оқығанды ұнатамын. Соңғы оқыған кітаптарым – Ілияс Есенберлиннің қазақ тарихынан мол мағлұмат беретін «Көшпенділер» трилогиясы және Санжар Керімбайдың «Қаныш. Ғылыми майдан» еңбегі. «Көшпенділер» трилогиясында қазақ елінің мемлекет болып құрылуы көркем бейнеленген. Әбілқайыр, Абылай, Кенесары хандар мен Наурызбай, Қобыланды, Бөгенбай бағырлар, Төле би секілді даналарымыздың қазақ халқының ел болып қалыптасуына зор үлес қосып, ерекше батылдық танытып, аянбай күш-қайрат жұмсағаны айтылады. Кітапта Әбілқайыр ұлысының екіге бөліну жағдайы, қазақ хандығының ішкі, сыртқы жауларымен кескілескен күрес үстінде шынығып ширауы, бұл жолдағы қыруар кедергілер мен қиындықтар көрсетілген. «Қаныш. Ғылыми майдан» кітабында Қаныш Сәтбаевтың болмысы, өмір жолы, ғылыми жолы тереңнен талданып, оның тарихшы, ағартушы және ең бастысы ұлтқа жанашыр тұлға ретіндегі еселі еңбегі айтылған. Қазақ мәдениеті мен танымына еңбек сіңірген ұлтшыл тұлға, ғалым Қаныш Сәтбаевтың кейбір шешімі мен іс-әрекеті көркем суреттелген. Сондай-ақ 1946 жылы ашылған Қазақ ғылым академиясының тарихы мен жетістігі кеңірек баяндалады. Жалпы кемел келешекті қалыптастырып, таңбалы тарихты түсіну үшін кітаптың берері мол. Баршамызға белгілі, кітап жан азығы мен рухани байлықты бере алады. Осы тұрғыда еліміздің келешегі – жастардың ұлтжанды, патриот болуы үшін елдің тарихын жете білгендері дұрыс деп білемін.



Жұлдызхан ЕРҚОСАЕВ, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы:

– Мемлекеттік қызметкер жауапкершілігі жоғары мамандық болғандықтан, онда қызмет ету

де оңай емес. Себебі халық сенімін арқалаған мемлекеттік қызметкерлер қай кезде де уақытпен санаспай, әр жұмысын мінсіз атқаруға тырысады. Дегенмен қызмет арасында бір сәт уақыт тауып, кітап оқып, жана танымдық ақпарат алуға тырысамын. Әсіресе, қазақ әдебиеті мен тарихын оқығанды жаным сүйеді. Өйткені тарих пен әдебиет егіз ұғым іспеттес. Тарихи жанрдағы кітаптар қазақ халқының ұлт болып қалыптасудағы әр кезеңінен сыр шертетін болса, ал әдебиет сол заманның тұрмыс-тіршілігін, біте қайнаскан салт-дәстүрін, тұрмыс тауқыметін боямасыз жеткізетін қазынамыз. Сондай-ақ өзім спорт саласында қызмет еткендіктен ұлттық спорт туралы еңбектерді оқып, тарихи мен әдеби, қыр-сырын жетік білу қажет деп ойлаймын. Кітап оқығаннан бөлек, жаһандық және еліміздегі жаңалықтарды да қалт жібермеуге тырысамын.



Нұрлан КӨПТІЛЕУОВ, Арал ауданы, №82 орта мектептің директоры:

– Кітап оқу интеллектуалдық білімді арттырып, дүниетанымыңды кеңейтетіні рас. Шыны керек, кітап оқуға уақыт тапшылығы да әсер етеді. Қазіргі уақытта Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» роман-дилогиясын қайта оқудамын. Ертеерте осы кітап бойынша мектеп мұғалімдерімен бірге облыстық дебатқа да қатысқан болатынмын. Биыл Әбдіжәміл Нұрпейісовтың 100 жылдығына орай, мектепте түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Жиын барысында оқушыларға кітаптағы ақпарат, деректерді жеткізіп, олардың да кітап оқуға деген қызығушылығын арттырамыз. Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» роман-дилогиясы «Сондай да бір күн болған», «Сондай да бір түн болған» атты екі кітаптан құралады. Яғни бұл шығармада Арал теңізінің тартылуы, адамзат мейірімінің азаюы, ертеде дүниежүзіне әйгілі болған, бір өңірді өзінің байлығымен асыраған теңіздің жай-күйі сипатталады. Сондай-ақ «Соңғы парыз» «Қан мен тер» кітабының заңды жалғасы болып саналады. Қазір қоғамдағы өзекті мәселенің бірі – бала тәрбиесі. Сондықтан жастарға тәрбиелік мәні бар, ұлттық құндылық, салт-дәстүрімізді насихаттайтын кітаптарды оқуға кеңес берер едім. Ата-бабаларымыздың бұрынғы салт-дәстүрлерін, өзіндік мәдениетімізді қайта жаңғыртуымыз керек. Осы бағыттағы оқулықтардың тізімі дайындалса, соны оқуға жастарға кеңес берілсе деймін.



Журналистика – біліммен қатар, ізденісті, ой ұшқырлығын қажет ететін сала. Оқиғаларға, қоғамдағы өзгерістерге жылдам талдау жасап, айтарыңды көп емес, дөп жеткізсең, сөзің өтімді болатыны рас. Жиындарда «Журналист болғым келеді, ол үшін қандай кітап оқуым керек?» деген сұрақты оқушылар мен студенттер жиі қоятынны байқадық. Сондықтан БАҚ өкілдері оқуы тиіс 3 кітапты ұсынбақпыз.

ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР ОҚУЫ КЕРЕК 3 КІТАП



«Сұқбаттың сардарлары»
Олардың сондай «қасиеті» бар. Сөйлескен кейіпкері туысканымен әңгімелескендей болып, кез келген сауалға ағынан жарылып жауап береді. Адам жанының қалтарыс-қуысына дейін қопарады. Тіпті, сол тұлға өзін-өзі танып, өткен күннің елесі мен бүгінгінің белесіне шолу жасайды. Кейіпкердің жаны жадырап, әй бір шешіліп сөйлегенін оқырман да сезіп қояды. Өйткені олармен әңгімелескен – сұқбаттың сардарлары. «Бес қаруын» сайлап баратын сайыпқыран журналистер сұқбаттың неден бастайды? Ел түгілі, алгі тұлғаның өзі күтпеген сауалды қиын келтіріп қалай, қайдан табады? Бұл кітапта қабілеті бөлек журналистердің сұқбаттары жинақталған. Біз айтқан сауалдың жауабы да сонда.



«МЫҢ ҚҰМЫРСҚА ЖӘНЕ БІЗ».
Нұртөре ЖҮСІП
Қазақтың құмырсқаға не қатысы бар? Неге мың құмырсқа? Осы ерекшелігі үшін де оқып көруге болатын кітап. Мақаланың тақырыптары мен мұндайды. Көзін түссе болғаны, соның нүктеге келіп бір-ақ тоқтайсың. Автормен бірге ауланасың, ойланасың, күліп аласың, ызаланасың. Бірақ шешімі бар. Өйткені, журналист мәселеге қатысты ұсыныс айтуды ұмытпайды. Аттында ұран салының емес, жанашырдың сөзі. Бұл – түйін түйе алмайтын қаламгерлерден басты ерекшелігі. Тақпақтап отырып тіліп түсіп, ойсыратып салады. Тақырып таңдауы да, жазуы да өзгеше.



«11- ҚАЛАМУШ».
Бауыржан ОМАРОВ
Журналистер туралы жазыла бермейді. Бірақ кез келген тұлғаны жабаңға жариялап, мұның мұндап, қуанышын хабарлайтын – қаламгер. Ал «11-қаламұш»-тың ерекшелігі – журналистердің өзі туралы жазылғандығында. Қаламгер қандай адам? Ақпаратты қайдан алады, қалай жеткізеді? Жұмысының ерекшелігі қандай? Жан дүниесі, ішкі әлемі ше? Кітапта салақұлаш сөйлем жоқ. Өмірбаян атымен жоқ. Бірақ Бауыржан Омаровтың ерекшелігі қысқа-нұсқа, анық-қанық сөздермен-ақ, кейіпкерінің өмірін, мінезін алдына ашып тастайды. Өмірі кездеспеген қаламгерінің тұр-түсіне дейін шамалап, танып-біліп қоясың. Сондай-ақ «11-қаламұштың» «туған бауыры» да дүниеге келді. Аты – «Төртінші билік». Жұтынып, «мені оқы» деп тұратын тақырыпшалар елітеді, оқытады. Рухани байып, әр кейіпкерден бірнеше жақсы қасиет «оқұқтырып аласың».

ШӘКІРТТЕРІН ШЫҢҒА БАУЛЫҒАН ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ



Тек қазақ халқы емес, күллі адамзат тарихында еңбекті сүйеге деген құлшыныстың әркез жоғары тұратыны хақ. Қай салада болсын, әр адам өз мамандығы мен кәсібін жауапкершілікпен қараса оның нәтижесі де жоғары болмақ. Осы меже тұрғысынан алғанда облыстың спорт саласында еңбек сүйгіштіктің шынайы үлгісін көрсетіп, көгалдағы хоккейден ҚР-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «Ерен еңбегі» үшін медалінің иегері, ҚР-ның «Құрметті спорт қызметкері» болған Сұлтанбек Қобландин ұстазым еске түседі.

Сұлтанбек Ибрагимұлының есімін Сыр өңірі ғана емес, республика көлеміндегі спорт саласында жүрген азаматтар жақсы біледі. Ол өз ісінің майталманы, туған жерінің нағыз патриоты болды.

Ұстазым – 1959 жылдың 9 мамырында Теренөзек кенті, Шіркейлі ауылында дүниеге келген. 1977 жылы онжылдық орта мектепті аяқтаған соң Тәжікстанның астанасы Душанбе қаласында дене шынықтыру және спорт институтына оқуға түсіп, көгалдағы хоккейден Тәжікстан

Республикасының құрама командасының сапында ойнады. Сөйтіп жүріп 1982 жылы Динамо командасына шақырылып, Алматы дене шынықтыру және спорт институтын осында аяқтады. Осылайша сол жылы КСРО чемпионы, КСРО кубок иегері атанды. Ал 1984-1986 жылдары СКА спорт клубында өнер көрсетіп, Совет Армиясы қатарында болды. 1986 жылдан 2022 жылға дейін Қызылорда облысының көгалдағы хоккейден ерлер мен әйелдер құрамасының аға бапкері болып еңбек етіп келді.

Сұлтанбек Ибрагимұлына 2002 жылы көгалдағы хоккейден ҚР-ның еңбегі сіңген жаттықтырушысы атағы берілді. 2008 жылы Ауған соғысы ардагерлер ұйымдарының «Қазақстан ардагерлері» қауымдастығы кеңесінің шешімімен қайырымдылығы үшін «Сауап» медалімен марапатталды. 2010 жылы Қызылорда облысының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін «Қызылорда облысына – 70 жыл» медалін кеудесіне тақты. 2011 жылы VII қысқы Азия ойындары «Алау Эстафетасының» алаугері болды. 2011 жылдың қорытындысы бойынша, Қызылорда облысының туризм, денешынықтыру және спорт басқармасының «Ең үздік жаттықтырушы» номинациясында III орынды жеңіп алды. 2012 жылы ҚР Спорт және денешынықтыру істері агенттігінің «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. 2013 жылдың қорытындысы бойынша «Ең үздік жаттықтырушы» номинациясында III орынды жеңіп алды. 2013 жылы «Сырдария кәсіпқой көгалдағы хоккей

спорттық клубы» МКҚК-нің директоры болды. 2014 жылы ҚР Президентінің жарлығы бойынша «Ерен еңбегі» үшін медалімен марапатталды. 2007-2011 жылдар аралығында 30 спорт шеберін дайындады. Облыстың ерлер және әйелдер командалары Қазақстан Республикасы чемпионы атағын бірнеше рет иеленді. 2007-2013 жылдар аралығында 60 спорт шебері 22 тамыз 2012 жылғы ҚР Туризм және спорт министрлігінің №241 бұйрығымен «Құрметті спорт қызметкері» құрмет белгісімен марапатталды. 2016 жылы «Қазақстан Ұстаздары» қоғам мүшесі, «Тәлімгер» медалінің иегері атанды. 2017 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы берілді. 2018 жылы Сырдария ауданының әлеуметтік-экономикасының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін ауданның 90 жылдық мерекелік медалін иеленді. 2018 жылы «Қызылорда қаласының 200 жыл» мерекелік медалімен наградталып, 2020 жылы Сырдария ауданының Құрметті азаматы болды.

Міне, ұлағатты ұстаз, білікті бапкердің өмір жолындағы жеткен жетістігі осындай. Адам болмысынан айнымаған арда азамат 2022 жылғы дүниеден өтіп, қайырмағызды қайыстырды. Оның баулыған шәкірттерінің қатарында болғаным қатты қуаныштымын. Өзінің салған сара жолы бізге әрдайым үлгі болып қала берсін.

Мұқағали САНСЫЗБАЕВ,
Е.Бозғұлов атындағы
№249 мектеп-лицейдің
дене шынықтыру пәні
мұғалімі
Қазалы ауданы

Ауыл – дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан қауымдастық. Ауылда қазақ халқының этникалық, рухани құндылықтары жақсы сақталған. Ол жердің тыныс-тіршілігі, қайнаған өмірі мен қыбырлаған жәндігіне дейін адамға ерекше шабыт беретіндей көрінеді. Осы орайда арнайы бір әулеттің балалары үшін апталық рухани лагерь «Aul Camp» ұйымдастырылды.

«Ауыл түбі-бірлік, қауым түбі-тірлік» демекші, ауылдың атмосферасы өте ыстық. Таң атысымен қайнаған самаурын, өріске кеткен төрт түлік, үйдің тіршілігімен тыным тап-

артықшылықтарының бірі – әулеттегі балалар бір апта ішінде бір-бірімен жақын араласып, бауырмал болып өсуі үйренеді. Ал ең қатты қуантатыны – барлық әулеттің үлкендері бірлесу арқылы осы нәтижені көрсете алды. Яғни жұмыла жүріп, өскелең ұрпаққа жақсы тәлім-тәрбие беруге барлығы атсалысады.

Ал енді балалардың Қармақшы ауданы, Алдашбай Ахун ауылындағы қызықтарына тоқталсақ. Бір әулеттің ішінде он бес шақты баланың әр күнін қызыққа толтыру, олардың өмірлеріне бас-көз болу үлкен жауапкершілік. Әр бала өз үйінің еркесі, сол себепті бөтен

АУЫЛ ТЫНЫСЫ



пайтын келіншектер де жаныңа жылылық сыйлайды. Мұны қалада жүріп сезіну мүмкін емес, себебі қала халқы бір сарынды өмірге қалыптасып қалған. Яғни күнделікті жұмыспен үйдің арасында жүріп айналадағы қызықты жайттарға көңіл бөлмейді.

Бүлдіршіндер үшін ұйымдастырылған «Aul Camp» лагерінің арқасында оқушыларға ауыл өмірін сезіну бақыты бұйырды. Лагерь ұйымдастырушылары балалардың жайлылығы үшін барлығын жасады. Оларға арнайы тағам мәзірі құрылды, сондай-ақ балалардың тәрбиесімен әулеттің үлкендері айналысты.

Жалпы лагерьдің мақсаты – балаларды рухани және діни біліммен сусындану. Сонымен қатар ауылдың тыныс-тіршілігімен таныстыру арқылы балаларды еңбекке баулу. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйрету. Лагерьдің үлкен

ортада олардың жайлылығын қамтамасыз ете білу де шеберлік. «Балапан ұяда не көрсен, ұшқанда соны іледі» демекші, баланың отбасынан алатын тәрбиесі арқашанда маңызды рөл атқарған. Ал осы балалар лагерінің арқасында әр бүлдіршін бойына жақсы қасиеттер мен көптеген жылы естелікті жинай алды.

Қорытындылай келе түйген ой, кез келген жұмысты бірлесіп ұйымшылдықпен істесе, алынбайтын қамал, аса алмайтын асу жоқ! Лагерде өткен күндер бұл ойды балаларға ұғындырды деп ойлаймын. Бала үшін қызмет еткен «Aul Camp» лагерінің ұйымдастырушыларының да мақсаты да осы еді.

Ақнұр ЖӘНШЕКҚЫЗЫ,
Қ.Мұхамеджанов атындағы
№1 мектеп-гимназиясының
11 «Ә» сынып оқушысы

МЕН ӨМІРДІ ҚОЛДАЙМЫН

Қазағым, ары таза сен бір ел ең
Есірткі уайым боп тұр алып белең.
Баршаныңды шақырар күресуге,
Қаруым болсын деймін бұл бір өлең.

Торламасын аспанды қайғы бұлты,
Есірткіден алыс бол, Қазақ ұлты.
«Дені саудың - жаны сау» - деген
сөз бар,
Есірткі – аждаһадай, залым құрты.

Қосқан үн шықсын биік қырға
белес,
Ұрпағым, есірткіге қарсы күрес!
Салауатты өмірдің салтын қолдап,
Қосқаным қуанам аздап үлес.

Көк байрағым жарасып қыраным,
Жарқын өмір сән берсін жыр-әнмен.
Жат қылықпен шақырам күресуге,
«Мен өмірді қолдаймын!» ұраным.

Нұрай ЖАРЫЛҚАСЫН,
Б.Алтынсарин атындағы
№204 мектептің
9 «Б» сынып оқушысы

ЖАҢА ТУҒАН НӘРЕСТЕДЕГІ АНЕМИЯ

Жаңа туылған нәрестедегі анемия – бұл нәресте денесінде эритроциттер саны қалыпты жағдайдан төмен болған кезде туындайды. Ол бірнеше себептерге байланысты болуы мүмкін. Алайда бұл диагноз көптеген сәбиде кездеседі, ол аса емдеуді қажет етпейді. Сондай-ақ анемиямен ауыратын нәрестеде эритроциттер саны қалыптыдан төмен болады.

Жаңа туылған нәрестеде бірнеше себептер бойынша анемия дамуы мүмкін. Жоғарыда атап өткендей, баланың денесі жеткілікті мөлшерде қызыл қан жасушаларын шығармайды. Медициналық тілмен айтқанда жаңа туылған сәбиде анемияның болуы «физиологиялық анемия» деп аталады. Нәресте денесі өсіп, эритроциттердің түзілуіне уақыт жеткілікті болған сәтте бұл диагноздан айығуға болады. Дененің қызыл қан жасушаларын тым тез бұзуы да анемияға әкеледі. Бұл мәселе ана мен баланың қан топтары сәйкес келмеген кезде жиі кездеседі. Оны «Rh/ABO сәйкессіздігі» деп атайды. Бұл нәрестеде әдетте терісінің сарғаюына (гипербилирубенемияға) әкелуі мүмкін. Ал кейбірінде инфекциялардан немесе генетикалық (тұқымқуалайтын) бұзылулардан туындауы мүмкін.

Сәби мерзімінен бұрын туылған нәрестелерде қызыл қан жасушаларының саны аз болады. Бұл қызыл қан

жасушаларының өмір сүру ұзақтығы толыққанды нәрестелердің қызыл қан жасушаларымен салыстырғанда қысқа болады. Бұл шала туған нәрестелердің анемиясы деп аталады. Басқа себептерге ішкі қан кету және нәрестенің жатырда болған кезде сәби мен ана арасындағы қанның ауысуы жатады.

Жаңа туылған нәрестедегі анемияның белгілері қандай?

Анемиямен ауыратын нәрестеде ешқандай белгі болмайды. Симптомдар пайда болған кезде олар мыналарды қамтуы мүмкін:

- Терінің бозғылт болуы;
- Энергияның төмен болуы;
- Нашар тамақтандыру немесе тамақтануды кезінде шаршау;
- Демалу кезінде жүрек соғу жылдамдығының тез және жылдам тыныс алуы.

Анемиямен ауыратын сәби аса қатты емді қажет етпесе де, шала туылып немесе сырқаты бар болса, денедегі қызыл қан жасушаларының санын көбейту үшін қан құюды қажет етуі мүмкін. Ал қан құюды қажет етпейтіндері қызыл қан жасушаларын көбейтуге көмектесетін дәрі-дәрмектермен емделеді. Анемиямен ауыратын сәбилердің тамақтануы тексеріледі, себебі дұрыс диета нәрестенің қызыл қан жасушаларының көбеюіне көмектеседі. Ал бұл енді дүние есігін ашқан шақалақ үшін маңызды.

Э.ИБРАЕВА,
Г.МАКАШЕВА,
Ана мен бала орталығының
неонатолог-дәрігерлері



ХАБАРЛАНДЫРУ

«ГежубаШиели Цемент Компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 10.12.2024 жылы сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, №9 индустриалды аймақ «ГежубаШиели Цемент» ЖШС кенесінің ғимараты мекенжайы бойынша «ұсақтау алаңының шекті жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету» және «ГежубаШиели Цемент» ЖШС ашық жиналысы нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетін хабарлайды. «Гежуба» ЖШС-нің рұқсат етілген шығарындыларының нормативтерін әзірлеумен қиыршық тас учаскесі. «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі және «Еңбекші 2» қварц құм кен орнының тау-кен жұмыстарының жоспарына, Қызылорда облысының Шиелі ауданында 2025-2030 жылдарға арналған шығарындылар нормативтерінің жобасы түзету), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Табиғат қорғау іс-шаралары жоспары.

Әсер ету аумағы Қызылорда облысы, Шиелі ауданы. Географиялық координаттары: ендік 44° 9' 24.16" С, бойлық 66° 48' 0.77" В.

Жобалық құжаттама пакетімен бірінші экологиялық порталда танысуға болады esportal.kz, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>

Барлық серіктелер және / немесе ұсыныстар бірінші экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады esportal.kz, сонымен қатар эл. мекен-жайы – ar.zholdasbekova@korda.gov.kz

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/75196243844?pwd=1fUvT189eARazNXiKHvTPD3yDrb2.1> Идентификатор конференциясы: 751 9624 3844. Код достуға: E2Kkkt

Қосымша ақпаратты Қызылорда қ., Тауке хан к-сі, 3, тел.: 8-777-177-7994, ansp@bk.ru

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ГежубаШиели Цемент Компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Шығыс өндіріс аймағы 9. БСН: 160940029715. Телефон: 8-771-087-0166; e-mail: gulzina.gejoba@mail.ru

Жобаны әзірлеуші: «АртНефтьСтройПроект» ЖШС, Қызылорда қаласы, Тауке хан көшесі, 3. БСН 050140000140. Тел.: 8-777-177-79-94; Эл.мекен-жайы: ansp@bk.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Товарищество с ограниченной ответственностью «Компания ГежубаШиели Цемент» сообщает, что 10.12.2024 года 10:00 часов по адресу Кызылординская область, Шиелинский район, индустриальная зона №9 здание офиса ТОО «ГежубаШиели Цемент», состоится общественные слушания в форме открытого собрания по: «Корректировка проекта нормативов предельно-опустимых выбросов площади дробления и щебеночного участка с разработкой нормативов допустимых выбросов ТОО «Гежуба». Раздел «Охрана окружающей среды» и проекта Нормативов допустимых выбросов к плану горных работ месторождения кварцевых песков «Еңбекші 2», в Шиелинском районе Кызылординской области на 2025-2030 гг. корректировка). Программы управления отходами, Программы производственного экологического контроля, Плана природоохранных мероприятий.

Территория воздействия Кызылординская обл, Шиелинский район. Географические координаты: широта 44° 9' 24.16"С, долгота 66° 48' 0.77"В.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале esportal.kz, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале esportal.kz, а также на эл. адрес - ar.zholdasbekova@korda.gov.kz

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка:

<https://us04web.zoom.us/j/75196243844?pwd=1fUvT189eARazNXiKHvTPD3yDrb2.1> Идентификатор конференциясы: 751 9624 3844. Код достуға: E2Kkkt

Дополнительную информацию можно получить по адресу г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3, тел. 8-777-177-7994, ansp@bk.ru

Инициатор намечаемой деятельности: Товарищество с ограниченной ответственностью «Компания ГежубаШиели Цемент». Кызылординская область, Шиелинский район, поселок Шиелі, Зона Шығыс өндірістік 9. БИН: 160940029715. Телефон: 8-771-087-0166; e-mail: gulzina.gejoba@mail.ru

Разработчик проекта: ТОО «АртНефтьСтройПроект», г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3. БИН 050140000140. Тел.: 8-777-177-79-94; Эл.адрес: ansp@bk.ru.

Басы 1-бетте

«Қымыз ішіп қамалды»

Иә, тура осындай жағдай жақын таныс жігіттің басынан өтті. Тарқатсақ, оқиға Қазалы ауданында орын алған. Бірер ай бұрын аудан орталығы Әйтеке би кентінің орталық көшесінде «Жигули» маркалы автокөлікті күндізгі жарықшамдарды жақпай қозғалғаны үшін жол полициясы тоқтатады. Тәртіп сақшылары оның сау күйде көлік жүргізушіне күмәнданса керек, алкотесттен өткізу үшін тиісті мекемеге алып барады.

Мас емес екенінді қалай дәлелдейсің?

Жүргізушілердің дені рөлде отырғанда қымыз ішуге қорқып қалған. Себебі қымыз ұрттаған адамның қанынан алкоголь құрамы анықталады деген әңгімені естіген. Осындай бір оқиғаға тап болған журналист Ерік Рахымда оқиғаның қалай болғанын баяндап берді.

– Қарқара жайлауында өткен ұлан-асыр тойдың қарсаңы еді. Елдің көңілі мұнда жоқ. Ерен қабырғаның етегіндегі ауылым Тегістіктің жақсы-жайсандары тойға деп таудай тұ

Одан әрі жол полиция қызметкерлерімен диалог құрып, оқиға желісін толық түсіндірген журналист ақыр соңында алкотесттен өтуге барғанын айтады. Сол тұста алкотестер иесінің айтуымен бес секундқа жуық түтікшені үрлеп, ол 0,31 дегенді көрсеткенін баяндады. Бұл – мөлшерден тыс көрсеткіш. Артынша өзінің түсініксіз жәйтқа тап болғанын түсініп, жақын жоразолдастан кеңес сұрапты. Олар дәрет арқылы тексеруге жол сілтеген көрінеді. Осылайша ешқандай алкоголь табылмаған. Сонымен «Қымыз ішіп, рөлге отыруға бола ма, жоқ па?» деген сауалға Ерік Рахым:

сай деседі. Соған сай ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 3, 4-бөлімімен жеңіл, орташа, ауырмастық күйде, наркотикалық, токсикологиялық мас күйде болған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартады. Олардың өзі қвас пен қымыз ішкен жағдайда да алкометр алькогөльдық мөлшерді көрсетіп беретінін айтады. Наркологтер мұндай жағдайда жеңіл мастық күйде деп диагноз қояды. Егер қымыз ішіп, құрыққа түссе, наркологтердің шешімімен келіспеген жағдайда қайтадан тексеруден өтуге құқығы бар. Мұндай жағдайда «Азаматтарды алкогольды немесе наркологиалық мастық күйде болған жағдайда медициналық тексеруден өткізудің инструкциясы» туралы Заңнан хабары болуы керек. Азаматтардың

ас-судың таза, халал болғандығына қараған. Күнделікті ішетін тағамның және сусынның адам денсаулығына пайдасы туралы бабаларымыз ертеден-ақ білген. Бұл туралы әлемдік мұрағаттарда көптеген тың дерек бар екендігі айтылуда. Қолбасы, бағыр, Ақтамберді жырау:

...Аурудан асқан жан бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма?!
Биенің сүті сары бал,
Қымыздан асқан дәм бар ма?! – деп жырлауы тегін емес.

Қымыз адамды шөлдетпейтін және ашықтырмайтын ерекше қасиетке ие. Сол себепті қазақтар ұзақ жүрісте, көші-қонда көп пайдаланған. Сауық-сайранның сәні, той-думанның негізгі сусыны қымыз болып келген. Құрамы дәрумендік заттарға аса бай болғандықтан ол адамға күш-қуат беріп, қан айналысын жақсартатын күшке ие екендігі дәлелденген.

Деректерге зер салсақ, Ханафи мәзһабындағы ғұламалардан Имам Мұхаммед ғұлама ашыған жылқы сүтін ішу харамға жақын мәкруһ деп көретіндігі жазылған.

Алайда Имам Әбу Ханифа және Имам Әбу Юсуф бойынша ашыған болса да, жылқы сүті адал деп есептелген. Адамды

ҚЫМЫЗҒА ҚЫЗҒАНДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІ «ҚЫЗЫП» ТҰР

Көлік жүргізушінің есімін атамауды өтінгендіктен, шартты түрде Арман деп аталық. Арман дүкенде сатылатын кәнігі қымыздың 3 құтысын ішкенін айтқанымен оны арнайы тексерістен өткізетін мамандарға да, сот алдында да дәлелдей алмады. Осылайша Жалағаш ауданындағы масханаға жөнелтіп, 15 күн бас бостандығынан айырылды. Сәйкесінше, көлік жүргізу құқығынан үзгені тағы бар. Осы тұста ұлттық сусын алкогольді ішімдік санатына жататын болса, онда неге заңда көрсетілмеген деген заңды сауал туындайды.

Көкейкесті мәселе көтерілсе, көрші елдің тәжірибесіне жүгінетіміз бар. Мәселен, Ресейде жүргізушінің 1 литр қанында 0,35 граммға дейін алкоголь анықталса, заңбұзушылыққа жатпайды. Ал мөлшерден асып кеткен жағдайда 200 мың теңгенің айналасында айыппұл төлетіп, 1,5-2 жыл көлік жүргізу куәлігінен айырады. Ерекше айта кететіні, федерацияның «Жол жүру ережелері» туралы заңында қвас, қымыз ішіп рөлге отыруға болатыны тайға таңба басқандай анық көрсетілген. Біздегі заң бөлек әрі қатан.

Осы тұста қымыз ішіп көлік тізгіндеген адамның заң бойынша жазалануына қатысты заңгер маманның пікіріне құлақ түрдік. Эльнура Кішкенбаеваның айтуынша, қазіргі көптеген отырыста алкогольді сусындардың орнына қымыз қолдану жиіліп кеткенін айтып, оқырмандардан осы сұрақ жиі келетінін айтып отыр.

– Қымыздың құрамында 0,5%-4,5%-ға дейін этил спирті бар. Негізі масаюдың үш түрі бар. 0,5% – 1,5%-ға дейін жеңіл, 1,5% – 2,5%-ға дейін орта, 2,5% -дан жоғарылаған сайын ол қатты масаю болып саналады. Жалпы сізді көлік жүргізу барысында жол полиция қызметкерлері ұстаған жағдайда арнайы алкотест арқылы осы көрсеткішті көрсететін болса, яғни сізде масаюдың жеңіл түрі болатын болса, айыппұл негізінде төлем жасайсыз. Ал егер де орта және жоғары масаю деңгейі көрсететін болса, көлік жүргізу куәлігінен айырыласыз. Сондықтан көлік тізгіндеген кезде қымыз ішпеген дұрыс, – дейді заңгер.



биені сойып тастаған. Қымыз да көл-көсір. Мұндайда қалай іркіліп қаласың, пақырыңыз семіз жаядан кертіп отырып төрт-бес кесе қымызды төңкерді. Мандайдағы шып-шып терді сылып тастап, «қарайығырға» міндім де «Алматы қайдасың?» деп тартып отырдым. Қымыздың ішкен сайын шөлдететін және ұйқыға тартатын қасиеті бар. Әдетте, бірер кесе қымыздан соң салқын жерде ұйықтаған абзал. Бірақ оған уақыт қайда?.. Шелектің тұсындағы тактайдай тегіс жолға 50 деген белгі қойған. Жол тәуір болған соң кейбір шопырлар осы тұста бастырмалатып жібереді. «Гаишниктердің» қой аңдыған қасқырдай бас бұғатын тұсы. Түйсік алдамайды, оның үстіне «водительская солидарность» деген бар – қарсы келе жатқан шопырлар жарығын жылт-жылт жағып, ескертіп барады. Жылдамдығым – сағатына 48, бәлкім, 52 шақырым... Шелек ауылының бүйірін айнала бергенім соледі, он бес-жиырма көлікті мұрнынан тізіп қойған «гаишниктер» көзге түсті. Және бәрін тоқтатып жатыр. Қосақ арасында мен де кеттім, – дейді ол.

– Әбден болады! Тек уақыт пен жүйкеңізді шығындауға, қымыз ішкеніңізді табандап дәлелдеуге дайын болыңыз. Алкотестер не себепті 0,31 промилле көрсетті? Меніңше, бұл сұрақтың екі жауабы бар. Бірінші жауап: қымызды 2 литрден (төрт кесе) артық ішкен жағдайда белгілі бір мөлшерде алкотестер көрсетуі мүмкін. Өйткені алкотестер қымызды танымайды, оның танытыны «иіс» қана. Бірақ бұл қымыздың құрамында алкоголь бар деген сөз емес. Екінші жауап: жол сақшылары көк шай ішсең де деміннен алкоголь табағын «ақылды алкотестермен» шопырларды ақымақ қып жүр. Бұл екі жауаптың қайсысын қош көрсеңіз де патша көңіліңіз білсін, – дейді.

Ішпей іліксе не істеу керек?

Жолполдықтар қолындағы жетілдірілген алкотест құрылғылары мастық мөлшерін дәл көрсетіп бере алады. 1968 жылы Жол ережелері туралы Вена конвенциясына қосылғандықтан аппараттар да стандартқа

ішімдік ішкені немесе нашақорлық жағдайын анықтауды медициналық куәландыратын тәртіп туралы ережеге сай куәландыру нәтижесі алынған сәттен бастап екі сағат ішінде күшке ие. Мұны да естен шығармаған жөн.

Әдетте көлік жүргізушінің мастығын алкотестпен анықтайтынын айттық. Құрылғы мейлі арақ, мейлі қымыз ішсеңіз де спирттің мөлшерін көрсетеді. Бұл тұста сіздің «қымыз ішітім» деп ақталуыңыз полицейлердің күмәнін одан әрі өршітетінін біліңіз. Бастысы, қымыз ішкеніңізді дәлелдей білу қажет. Өйтпесе, құқықтың құрығына түстім дей беріңіз...

«Ағарған» ішу арам ба?

Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасы бұл мәселенің басын ашып берді. Ресми сайт көрсеткен дерекке сүйенсек, ата-бабамыз ежелден адал ас тұтынуға мән берген. Қымыз ежелден ата-бабаларымыздың сүйікті сусыны. Қазақ халқы текті тұлғалы ұлт болғандықтан ішетін

мас қылатын сусындардың үкімі басқаша. Алла Елшісі Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Мас етуші ішімдіктердің бәрі харам. Көп ішкенде мас ететіннің азы да харам» деп үкім еткен.

Қымыздың құрамында ашыған кезде пайда болатын аз мөлшердегі спирт адамды мас болдыратын көрсеткішке жетпейтіндіктен, харам емес деуге толық негіз бар. Бабаларымызда сан ғасырдан бері қымыздың харам немесе мәкруһ емес екендігіне көз жеткізіп, пайдаланып келеді деуге болады», – делінген muftyat.kz сайтында.

Соңғы уақытта шет елдерден келетін қымыздар туралы сұрақтар легі көбейгені рас. Тұтынушылардың айтуынша, бас айналдырып, мастық дәрежеге жеткізеді. Мамандардың сөзіне жүгінесек, ол өнімдерді таза қымыз санатына жатқызуға болмайды екен. Өйткені құрамына бие сүті, сиыр сүті, бал, ашытқылар кіреді. Ал бал – ашыту процесін жеңілдетеді. Сондай-ақ қымыздың сақтау температурасы сақталмаса, құрамындағы спирттің пайыздық мөлшері көбейіп кетуі ықтимал. Оған қоса спирт сырттан әдейі қосыла ма, жоқ па, ол да белгісіз.

Хош. Дәрігерлер қымыздан соң көлік жүргізбеуге кеңес берді. Өйткені әр адамның зат алмасу, ас қорыту мүмкіндігі әртүрлі. Ал мамандар жолға шығарда көп ішпеген абзал дейді. Ұзын жолда қымыз ұйқыны келтіреді. Бірақ «Саулықтың сыры саумалда», «Қымыздың қырық қасиеті бар» деп жүрген қазақ үшін ұлттық сусынның заң бұзушылыққа алып келерін кім білген?!

Нұр БАҚЫТ



«ТікТок» желісінде Майло есімді ит өзінің ерекше бейнероликтерімен танымал болды. Майлонның иесі Темірлан оны белгілі той әуендеріне билегенін, қазақша драмалық әндерге мұнайғанын камераға түсіріп, желіге жүктеген. Бұл видеолар миллиондаған қаралым жинап, көрермендер итке «Майлыбек» деген ат қойды. Көптеген жанның жүрегің жаулап алған бір роликте ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын ести сала екі аяғына тұрып, табанын жүрек тұсына қояды. Көпшілік бұл көрініске тәнті болып, тіпті «Майло Гимнді айтып кетсе де таңғалмас едік» деген пікір қалдырып жатыр. Жақында Майло жайлы иесі Темірлан Тоспаевпен сұқбаттасудың сәті түсті.

ЕРЕКШЕ МАЙЛО



– Майло өте ерекше ит. Оның еліміздің Әнұранына реакция беретінін қашан байқадыңыз?

– Иә, Майлыбек ерекше ит екені рас. Оған Әнұранға реакция беруді үйреткен мен едім. Бір күні Гимн ойнап жатқанда, ол алдыңғы табанын көтеріп отырды, сол кезде мен оны елімізге құрмет көрсетіп, Әнұранды естіген сайын отыруын әдетке айналдыруды жөн көрдім.

– Майлыбек қазақ тілін түсінетін сияқты. Сіз оны арнайы жаттықтырдыңыз ба?

– Тілді үйрету де кенеттен туындаған шешім болды. Мен оған кішкентай кезінен бастап қазақ және орыс тілдерінде бұйрық беріп отырдым. Кейін ол тілдерді менгеріп, ешбір шатаспай орындай алатынын көрген соң, шет тілдерін де қоса бастадым. Сонымен қатар ол «Балапан» арнасындағы мультфильмдерді ұнатады. Сүйсініп, телміріп қауіпсіздігіне қажет бұйрықтарды біледі. Мысалы, «Маған кел», «Жанымда жүр», «Болмайды» деген сөздер. Ал ауқымды нәрселерді түсіндіру қиына соғып тұр, бірақ Майло мені шын мәніде түсінеді және онымен кез келген тақырыпта сөйлесуге болады.

– Көрермендер Майлыбектің бейнероликтеріне қандай пікірлер қалдырады?

– Мен оған «өл» деген немесе ұқсас мағынасы бар қарапайым бұйрықтарды үйретеймін. Ол өз өміріне және ең бастысы қауіпсіздігіне қажет бұйрықтарды біледі. Мысалы, «Маған кел», «Жанымда жүр», «Болмайды» деген сөздер. Ал ауқымды нәрселерді түсіндіру қиына соғып тұр, бірақ Майло мені шын мәніде түсінеді және онымен кез келген тақырыпта сөйлесуге болады.

– Көрермендер Майлыбектің бейнероликтеріне қандай пікірлер қалдырады?

– Адамдар әртүрлі реакция береді. Көп жағдайда оң көзқарас білдіреді. Майлыбектің ақылына және сымбатына таңғалады. Біздің мақсатымыз – роликтеріміз арқылы көрермендердің жүрегіне жануарларға деген сүйіспеншілікті ұялату, және бұл мақсатымызға қол жеткізудеміз.

– Майлонның қазақ тілін білуіне байланысты қызықты сәттер бар ма?

– Оның ең ерекше қасиеттерінің бірі – қынырлығы деп ойлаймын. Майлыбек 5 тілді де түсінеді, бірақ кейде қазақ тілінде сөйлесем, бұйрықты орындағысы келмей қалады. Біздің парақшамызда осындай бейнероликтер бар, олар өте көп қаралым жинап жүр.

– «Ит адамның досы». Досыңыз неше жаста және ол қалай отбасыңыздың бір бөлігіне айналды?

– Майлыбек жақында 4 жасқа толады. Туған күнінде достарым сыйлық жасап, өмірімде Майлыбек атты төрт аяқты досым пайда болуына себепші болды.

– Майло туралы әлеуметтік желіде парақша құру идеясы қалай пайда болды?

– Бәрі кездейсоқ басталды. Түнде Майлыбекті видеоға түсіріп, жариялаған едім, танертен қарасам бірден 1 миллион қаралым жинаған екен. Бұл жағдай мені Майлыбектің өмірі мен таланттарын түсіріп жүруге мотивация берді.

– Әлеуметтік желілерде жариялағаннан кейін сіздің өміріңізде өзгерістер пайда болды ма?

– Әрине, бәрі өзгерді. Бұрын мен әлеуметтік желілерге жай ғана қызығушылық танытсам, енді толыққанды блогер болып барамын, бұл маған қызықтыратын іс.

– Неге, Майло? Неліктен олай атадыңыз?

– Әйгілі «Маска» фильмін көрмеген жан жоқ шығар. Сондағы иттің аты Майло болатын. Мен де ұзақ ойланбастан итіме сондай ат бердім. Майлонның видеолары қазақ қоғамында кенінен тарап кеткен соң, жазылушылар оны Майлыбек деп атап кетті. Бұл Майлонның қазақша нұсқасы іспеттес. Енді Майлонның төлқұжатында да есімі Майлыбек болып жазылған.

– Сұқбатыңызға рақмет! Ал Майлыбектің патриот екенін @papa_maiло TikTок және Instagram парақшаларында тамашалауға болады.

Айсара МЕЙРАМБЕКОВА

«РАНЧО 83»: ЖАНҒА ЖАЙЛЫ ДЕМАЛЫС ОРНЫ

Қызылорда қаласы жылдан жылға көркейіп, мұндағы тұрмыс халық ыңғайына қарай жақсарып келеді. Жана дизайнғағы ғимараттар мен түрлі орталықтар қала қонақтарының көңілінен шығып жүр. Алайда қала тұрғындары үшін орталықтағы қызығуға арналған локациялар таңсық емес. Сол себепті демалыста қандай жерге қызығуға болатынын іздеп әлек болады. Мақаламызда қаланың шет аймағында орналасқан «Ранчо 83» экзотикалық зообақ туралы баяндамақпыз.

Азуақыт ішінде көпшіліктің сүйікті демалыс аймағына айналған зоопарк 2023 жылдың мамыр айынан бастап жұмыс істейді. Отбасылы Тимур Жүсіпов пен жұбайы Майра Досжан қолға алған бұл жоба тұтынушыларға экзотикалық құстар мен жануарларды ғана ұсынып қоймай, сондай-ақ келушілерге қызықты әрі пайдалы демалыс ұсынуымен де ерекшеленеді.

Отбасылы жұптың мұндай демалыс орнын ашу идеясы бірнеше жыл бұрын пайда болған. Алайда тек 2023 жылы ғана жүзеге асты. Алғашында тек атпен серуендеу қызметін ғана ұсынған демалыс орны болды. Уақыт өте келе, халықтың қызығушылығын арттыру мақсатында «Ранчо 83»-дағы жануарлардың қатары көбейіп, түрлі экзотикалық құстармен толасты. Қазір бұл жануарларды тамашалау келушілердің сүйікті ісіне айналды.

Бүгінде «Ранчо 83» бірнеше гектар аумақты алып жатыр. Бұл жерде ерекше құстар бар. Солардың ерекшесі Түркістаннан арнайы әкелінген түйеқұс. Одан бөлек бұл жерді үйректер, аққулар, павлиндер және басқа да жануарлар мекен етеді.

Кешеннің атауы да ерекше. Тимур Жүсіпов өзінің туған жылын қоса отырып, жобасын «Ранчо 83» деп атауды жөн көрген.

Зообақта төрт жылқы, пони, елот, тиін, қоян, ешкі, алтын қырғауыл және тағы басқа жануарлар бар. Кешен қысы-жазы демалыссыз жұмыс істейді. Сондай-ақ тұтынушылар үшін түрлі қызықты кештер ұйымдастырылады. – Келушілер саны артып келеді.



Бірі отбасымен келсе, енді бірі жеке демалысты жөн санайды. Жеке келетін жандардың көбі атқа мінуді қалайды. Келешекте «Ранчо 83»-ның аумағын арттырып, тағы да бір зона қосуды жоспарлап отырмыз. Ол жерде балықтарды тамашалауға мүмкіндік болады. Бізде сонымен қатар жылжымай бар, онда экзотикалық тағдар, сондай-ақ банан өседі, – дейді Майра Досжан.

Ерекше демалыс орнында келушілер үшін түрлі қызмет қолжетімді. Үлкендер үшін кіру бағасы 1000 теңге болса, балаларға 800 теңге. Сонымен қатар иппотерапия қызметі ұсынылады. Аппен серуендеу 15 минутқа 2000 теңге, ал бір сағатқа дейінгі серуен 5000 теңге тұрады.

Бұл кешенде асхана, балаларға арналған алаңқай, бассейн және демалушыларға жайлылық сыйлау үшін ыңғайлы жағдай қарастырылған. «Ранчо 83» ұжымы әлеуметтік желіні де белсенді жүргізіп, көрерменге қызықты контент ұсынады.

Жоба мемлекет тарапынан қаржылай көмек алма да, табысты жұмыс істеп келеді. Кешен Тимур мен Майраның еңбексүйгіштігі мен кәсіпкерлік қабілеттерінің нәтижесі екенін көрсетеді.

Аймақта осындай көптеген қызмет түрін ұсынатын кешен жұмыс істейді. Бұл қала тұрғындарының серігуіне, бір сәт жануарлармен байланысып, қаланың қызу өмірінен демалуға көмектеседі.

Қорлан САРЫ

8 ЖАСАР БАЛА ҚЫЗЫҚТЫ СЕТІЗ

Әр бала ерекше. Дегенмен олардың қабілетін ерте жастан дамыту – болашақта жан-жақты тұлға болып қалыптасуына негіз болады.

Солардың бірі – 8 жасар Алдияр Әріп. Ол Серғали Тольбеков атындағы 3 ІТ мектеп-лицейінің 3-сынып оқушысы. Алдиярдың күнделікті жұмысы тек оқумен шектелмейді. Кейіпкеріміз үздік оқушы, шығармашылыққа жаны құмар, спортқа бейімі бар дарынды бала. Ерекше қабілеті бар болса да, спортпен тәжквондоға қатысады. Ал бос уақытында достарымен ойнап, табиғат аясында серуендегенді ұнатады. Оның жан-жақты дамуы жақындарының қолдауының нәтижесі десек қателеспейміз. Жас кейіпкеріміздің шығармашылыққа толы әлемі мен спорттағы жетістіктері жайлы білу толық білу үшін анасы Әсем Нұржановамен байланысқа шықтық.

Әңгіме барысында Әсем Бакытқызы Алдиярдың бір күні қалай өтетіні туралы айтып берді.

– Баламн аптасына үш рет тенниске, тағы үш мәрте сурет үйірмесіне қатысады. САбақтан бос уақытында ерекше сабақтармен айналысып, достарымен аулада футбол ойнағанды ұнатады. Мұның барлығы оған ұнайды, ерекше қуаныш сыйлайды. Сол үшін шаршамай, керісінше жігерленеді. Тәжквондо бойынша түрлі байқауда жүздеген орын иеленіп жүр, ал жуырда Ташкентте өтетін халықаралық жарысқа қатысады. Қазір қарқынды дайындық үстінде.

Алдиярдың бойындағы шығармашылық дарыны мен қарапайым затқа креативті көзқараспен қарауы – оның басты ерекшелігі деп ойлаймын. Әр жетістігі, салған суреттері мен мүсіндері бізді үнемі қуантады. Біз қызығушылығын қолдап, одан әрі дамытуға ұмтыламыз, – деді ол.

Жас кейіпкеріміз түрлі тақырыпта сурет салғанды ұнатады. Алғашында атакты

суретшілердің туындыларымен танысып, қолын шынықтырған.

– Сурет салу маған ерекше ұнайды. Әсіресе жан-жануарларды, мультфильм кейіпкерлерін және табиғатты бейнелеймін. Сонымен қатар Матис, Моне, Леонардо да Винчи, Пикассо, Сальвадор Дали сияқты атақты суретшілердің туындыларын салып, шеберлігімді жетілдіруге тырысамын, – дейді Алдияр өз шығармашылығы жайлы әңгімелегенде.

Шығармашылық баланың тағы бір қызығушылығы – ерекше сабақтармен айналысу. Өзіне ұнайтын кейіпкерлердің әр деталіне мән беріп, көзі, қолы мен шапына дейін тиінақты әзірлейді. Кейіпкерлерден бөлек қиялына да ерік беріп, түрлі пішіндер жасайды. Ал идея ерекше сабақпен жұмыс істегенде келеді екен.

– Барлық туындымды ұнатамын. Әрбір жұмысымның орны ерекше. Ал идеялар көбіне жұмыс барысында келеді. Шабытым сол сәттегі көңіл-күйіме байланысты десек қателеспеймін, – деп жауап берді ол.

Тенниске қызығушылығы қалай оянганын сұрағанымызда, Алдияр бұл спортпен айналысуының өзіндік тарихы бар екенін айтты. Оның айтуынша, ата-анасы жана үйірмелер мен секцияларға апарып, баласының жаңа нәрселерді байқап көруіне мүмкіндік береді екен.

– Бірде әкем бізді «Нұрсәт» теннис орталығына апарды. Үлкен корттағы балалардың әсерлі ойындары мен техникалары маған қатты ұнады. Сол сәттен бастап тенниске деген қызығушылығым артты, – деп еске алды.

Тәжквондода «Двиг-чаги» деген техника бар. Бұл Алдиярдың сүйікті қимылы екен.

– Маған «Двиг-чаги» ұнайды. Бұл денеден немесе бастан тебу техникасы. Тәжквондода есте қалған сәттер өте көп. Солардың бірі алғашқы жарыстарым. Қарсыласымды жеңген сәттегі қуанышым әлі есімде, – деп толықтырды әңгімесін.

Бүгінде әр баланың қызығушылығы әртүрлі. Бірі спортқа, бірі өнерге жақын, кішкентай болса да ғылымға бет бұрғандар да бар. Әсем Нұржанова баласының жан-жақты болып өскеніне ата-әжесінің арқасында дейді.

– Баламыздың жан-жақты болып, түрлі бағытқа қызығушылығының болуына отбасымыздың үлкендерінің үлесі зор. Атасы мен әжесі әрдайым немерелерінің бойындағы адами құндылықтардың қалыптасуына ерекше мән береді. Үлкендеріміз де қазақ ақындырының өлеңдерін оқып, түрлі бата жатқа біледі, – деді анасы.

Алдиярдың анасы ата-әжесімен жақындығын атап өтті. «Сен үшін мықты адам деген кім?» деген сауалымызға «Мен үшін мықты адам – ол жан-жақты, ақылды, сабырлы, талантты адам. Ол – менің атам» деп жауап берді.

Демалыс күнін бізге арнап, жұмыстарын таныстырған балақайға сұхбат соңында түрлі сұрақ қойдық. Жасы 8-де болса да болашағына сенімі мол азамат ретінде нық жауап берді. Алдияр халықаралық суретшілер сайысына қатысуы армандайды екен. Ал болашақта «атақты суретші болғым келеді. Жаңа жылды ерекше күтемін. Себебі 30 желтоқсан менің туған күнім. Бұл күні көп сыйлық аламын, жақсы тілектер айтылады, қуанышты күйде боламын» делі.

Ойын баласының түрлі бағытты бірге алып жүргені қуантады. «Жас келсе – іске» деген осы болар.

Инжу МАРЖАН

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
Тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 7049
Тапсырыс: 1750